

Хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 29 қараша N 540-ө

1. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 21 қарашадағы N 525 өкіміне сәйкес құрылған комиссияның 1996 жылғы 26 қарашадағы келісу хаттамасы бекітілсін.

2. Торғай облысының әкімі В.А. Брынкин хаттамада келісілген шешімдерді сөзсіз орындау жөнінде түпкілікті шаралар қолдансын.

3. "ФКК" Росконтракт" БАҚ басшылары, Торғай облысының әкімі және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшылары айтылған ұсыныстар мен ескертпелерді ескере отырып Ұжымдық ауыл шаруашылығы кәсіпорнын басқаруды инвестициялау және ұйымдастыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға арналған контрактісін және 1996 жылғы 21 наурыздағы N 001-144 К инвестициялық контрактіні пысықтасын.

Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі С.А. Ақымбековке жүктелсін.

Премьер-Министр